Әділет

# 2009 жылға арналған біржолғы талондардың құны туралы

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының IV шақырылған IX сессиясының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 434/9 шешімі. Қарағанды облысы Шахтинск қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 қаңтарда N 8-8-64 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының XVII сессиясының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 522/17 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының XVII сессиясының 2009.12.22 N 522/17* шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес қалалық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2009 жылға арналған Шахтинск қаласының және маңындағы кенттердің базарларында сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға және кәсіпкерлік қызметі мезеттік сипаттағы тұлғаларға бір жолғы талондардың құны "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Салық департаментінің Шахтинск қаласы бойынша Салық басқармасы" мемлекеттік мекемесімен жүргізілген орташа күндік хронометраждық қадағалау мен зерттеу деректері негізінде 1, 2 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

2. Қалалық Мәслихаттың 2008 жылғы 17 қаңтардағы IV сессиясының "2008 жылға арналған біржолғы талондардың құны туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-8-47 тіркелді, 2008 жылғы 8 ақпандағы "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған) N 381/4 шешімінің күші жойылсын деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессияның төрайымы М. Бачаева*

*Қалалық Мәслихаттың хатшысы Ә. Сатова*

Қалалық Мәслихаттың 2008 жылғы 25 желтоқсандағы IX сессиясының

N 434/9 шешіміне
1 қосымша

## Шахтинск қаласының және маңындағы кенттердің базарларында сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға бір жолғы талондардың құны

| Атауы | Мамандануы | Сауда орнының түрі | Сауда орнының көлемі шаршы метрде | 1 шаршы метр көлемге айлық есептеу көрсеткіш % | 1 күнге арн бір жол талондарды , теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Шахтинск қаласы, "Орталық" базары, жеке кәсіпкер Петраков Г.Г. | азық-түлік | сөре | 3,8 | 5 | 241,87 |
| | | ет сөресі | 3,8 | 6 | 290,24 |
| | | сүт сөресі | 2,2 | 3 | 84,02 |
| | өнеркәсіптік | сөре | 5,2 | 4 | 264,78 |
| | | қолдан | 2 | 2 | 50,92 |
| Шахтинск қаласы, "26квартал" базары, жеке кәсіпкер Петраков Г.Г. | азық-түлік | сөре | 3,8 | 5 | 241,87 |
| | | ет сөресі | 3,8 | 6 | 290,24 |
| | | сүт сөресі | 2,2 | 3 | 84,02 |
| | өнеркәсіптік | сөре | 5,2 | 4 | 264,78 |
| | | қолдан | 2 | 2 | 50,92 |
| Шахан поселкесі, жеке кәсіпкер Кошелев Ю.Н. | азық-түлік | сөре | 5,2 | 4 | 264,78 |
| | | ет сөресі | 3,8 | 6 | 290,24 |
| | | сүт сөресі | 2,2 | 3 | 84,02 |
| | өнеркәсіптік | сөре | 6 | 3 | 229,14 |
| | | қолдан | 2 | 2 | 50,92 |

Қалалық Мәслихаттың 2008 жылғы 25 желтоқсандағы IX сессиясының N 434/9 шешіміне
2 қосымша

## Кәсіпкерлік қызметі мезеттік сипаттағы тұлғаларға бір жолғы талондардың бір күндегі құны

| р/нN | Қызмет түрлерінің атауы | Эпизодикалық сипаттағы кәсіпкерлік қызмет тұлғаларға біржолғы талондардың бір күндегі құны, айлық есептеу көрсеткішінен % |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Сату (тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы): | |
| | 1) газеттер мен журналдар; | 9 |
| | 2) тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет); | 13 |
| | 3) бақша дақылдары; | 26 |
| | 4) саяжай және үй жанындағы өсірілген тірі гүлдер; | 13 |
| | 5) үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдері; | 5 |
| | 6) жануарлар мен құстарға арналған дайын жемшөп; | |
| | 7) сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидектері, бал, саңырауқұлақтар және балық. | |
| 2. | Жер учаскелерін өндеу бойынша жеке тракторлар иелерінің қызмет көрсетулері. | 24 |
| 3. | Үй жануарлары мен құстарды жаю. | 5 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК